



№16 (465) // 12 ақпан // бейсенбі // 2026 жыл

● СЕМИНАР


Ғылым мен өндіріс ұштасса...



Семинарға қатысушылар алдымен ҰАҒБО құрылымына кіретін жекелеген ғылыми-зерттеу институттары (ҒЗИ) дайындаған көрмемен танысты. Атап айтқанда, Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ, Ж. Жиенбаев атындағы Қазақ өсімдіктерді қорғау және карантин ҒЗИ, сондай-ақ Қазақ жеміс-көкөніс шаруашылығы ҒЗИ-дің «Қайнар» өңірлік филиалы өз жетістіктерін ұсынды. Аталған үш институттың ғалымдары өз зірлемелерін таныстырып, өсімдік, жеміс-жидек, көкөніс сорттары мен өсіру технологияларының ерекшелігі туралы баяндады.

Кеңейтілген отырыста ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке халықтың табысын арттырып, инфляцияны тежеуді тапсырды. Мемлекеттің тиімсіз шығындарын қысқарту үшін бюджет бағдарламаларын бастан-аяқ қайта қарау қажеттігін алға тартты. Барлық мемлекеттік орган жауапкершілікті толық сезініп, тапсырмаларды уақытылы орындауы тиістігін айтты.

(Соңы 2-бетте) ➡



Баяндамалар легін Қазақ егіншілік және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ-дің мал азғығы дақылдары зертханасының бас ғылыми қызметкері Ғалиолла Мейрман жалғастырды. Ол малға арналған дақылдарды селекциялау және тұқым шаруашылығы бойынша баяндама жасады. Сонымен қатар «Жетісу» АӨК және «Абзал и К» ТС сияқты шаруашылықтардың озық тәжірибелері таныстырылды. Семинар барысында өзекті мәселелер де талқыланды.

Қарасай ауданы

● Алма ЕСЕНБАЙ —

Үкіметтің 2026 жылға арналған ізгісіз басымдығы – халықтың табысын арттыру. Бұл ретте өндірістер құруға, кәсіпкерлік бастамаларды дамытуға негізгі тұрақты жұмыс орындарын ашуға ықпал ететін ғылыми-технологиялық қызығармаларды қолдау жүйелі шаралар жүзеге асырылуы тиіс. Биыл цифрландыру мәселесіне де назар аударылмақ. Мемлекеттік сыймасы жериялаған Цифрландыру жоспары аясында экономиканың барлық саласына озық технологиялар мен ЖИИ-технологияларды енгізу және Цифрлық мемлекет құру мақсатында қойылып отыр. Алайда бұл

Олжас Бектенов өз баяндамасында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, энергия тапшылығы мәселелерін шешу, өнеркәсіпті дамыту және инвестиция тарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарға да тоқталды. Арнайы экономикалық аймақтардың өзінде инфрақұрылыммен орташа қамтамасыз ету деңгейі небәрі 53%-ды, ал индустриялық аймақтарда

ҮНҚОСУ

ЖАҢА ЖОБА – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Сәбетбек ЕРКІНБАЙҰЛЫ,
еңбек ардагері,
және Жамбыл ауданының
Құрметті азаматы

БОЛАШАККА БАҒЫТТАЛҒАН

Мен үшін аса маңыздысы – жаңа Конституция жобасында мемлекеттің орнықты дамуына баса назар аударылуы. Бұл – Қазақстанның әрбір азаматы ел үшін стратегиялық ресурс деген сөз. Яғни мемлекет дамуының түпкі мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, болашақ ұрпақ үшін берік әрі әділетті қоғам қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда жаңа Конституция жобасы ел бірлігі мен тұрақтылығын нығайтып, Қазақстанды жарқын болашаққа бастайтын заманды құжат болмақ.


Ләззат БАЙДУАНОВА,
Республикалық ғылыми-педагогикалық
кітапхананың әдебиеттерді ғылыми өңдеу
бөлімшесінің басшысы

YHKOCY

Қолдау барда даму бар

Көктем жақындап келеді. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін дала жұмыстары басталуға аз қалды дегенді білдіреді. Жауапты науқанға орай облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастамасымен халықты мемлекеттік қолдау шаралары мен несиелеу бағдарламаларынан хабардар ету мақсатында көшпелі кеңес өтті.

бағдарламасы бар. Ол – 80% қарыз қаражатын алып және 20% өз қатысуымен мемлекеттік стандарт бойынша жасалған бордақылау алаңын субсидиялауға және құс фабрикаларының қажеттілігіне бір жыл мерзімге 5%-дық



● **Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ** — шаруашылықтар төлейтінін, ал қалған бәтің молдамет сыйының ретінде

Талғар аудандық әкімдігінде өткен жиынға фермерлер, шағын және орта бизнес өкілдері, ауыл шаруашылығы бірлестіктерінің басшылары жиналды. Кенеске облыстық ауыл шаруашылығы департаментінің өсімдік шаруашылығы, тұқым шаруашылығы және техникалық бақылау қызметінің бас маманы Алмас Ақылбеков, облыстық «Аграрлық несие корпорациясының» өкілі Нұрмәди Әлібаев, «ҚазАгроҚаржы» АҚ Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша

өбілгін мемлекет субсидия ретінде өтейтінін жеткізді. Ол үшін ақпан айынан бастап тиісті өтінімдерді жіберу қажет. Көктемгі егіс жұмысын жүргізу үшін «Кең дала» бағдарламасы бойынша жалпы сомасы 6,2 млрд теңге болатын 83 өтінім мақұлданған. Баяндамашы сонымен бірге биылғы көктемгі егіс жұмысының уақытылы және сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында «Кең дала – 2» жеріңдіктің несиелеу бағдарламасы аясында облыс бойынша 10 млрд теңге

Шерхан Ибадуллаев өз ісін жаңа бастаған аграршыларды қолдауға арналған «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасы туралы баяндады. Оның айтуынша, 2023 жылдан бастап Алматы облысында кәсіпкерлікті дамытуға, жұмыс орындарын құруға және ауылдың экономикалық тұрақтылығын арттыруға бағытталған «Ауыл

Ел басына күн туған сындарлы сәтте қан майданға аттанып, Отан қорғау жолында батырлықтың шынайы үлгісін көрсеткен аталарымыздың ерлігі – ұрпаққа өнеге. Кеген өңірінің жұртышылығы майдангерлер рухына тағзым етіп, олардың есімін кейінгі ұрпақ жадында қалдыру мақсатында игі істер атқарып келеді. Жұырда тағзы бір тағзылымды шараның куәсі болдық. Алғабас ауылындағы көшеге ерлігі ел есінде қалған Екінші



Қос қуаныш



филиалы директорының орынбасары Әсел Қарымсақова, «Қонаев» ӘКК мемлекеттік жұмыстарды іске асыру департаментінің бас менеджері Шерхан Ибадуллаев қатысты.

көлемінде қаражат қарастырылғанын атап өтті.

– Бұл қаражат қаржы жеткіліксіз болған жағдайда қосымша мүмкіндіктер үшін көзделген. Осыған байланысты аманаты» – ауыл халқының табысын арттыру бағдарламасы іске асырылуда. Бағдарлама аясында ауыл бастамаларын қолдауға 13 млрд-тан астам теңге бөлініп, бұл 1400-ден астам жобаны

Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабы сұмдық болды. Қаншама отбасы қара жамылды. Соғыста ерлік көрсеткен жандардың есімі ешқашан ұмытылмайды. Олардың батырлық қасиеті жас ұрпақты отаншылдыққа бастайын. Сондай соғыс ардагерінің есімі көшере берілуі – құптарлық іс, – деген ауыл тұрғыны Әріп Сыбанбаев жиналған көпшілікке ақ батасын берді.

Майдангердің өмір жолы ұрпақ жадында жаңғыра берері сөзсіз. Жеңістің

Шараны жүргізіп, модераторлық еткен аудан әкімінің орынбасары Әнуар Әскербеков көшпелі кеңес Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен өткізіліп отырғанын атап өтті.

Кенесте бірінші болып сөз алған Алмас Ақылбеков облыстың ауыл шаруашылығы секторындағы жағдайдың жай-күйі туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Оның түсіндіруінше, қазіргі уақытта облыста көктемгі егіске дайындық бойынша ауқымды жұмыс жүргізілуде. Егін салу үшін 63 тонна тұқым дайын. Аймақта барлығы 20 тұқым шаруашылығы және 9 сатушы нысан жұмыс істейді. Бұл саланы дамыту мақсатында биыл жергілікті бюджеттен 502 млн теңге бөлінген. Ал тұқымдық және отырғызу материалының сорттық және егістік сапасын анықтауға – 52 млн теңге, минералдық тыңайтқыштардың құнын субсидиялауға – 1,1 млрд теңге, пестицидтер мен биологиялық препараттардың құнын субсидиялауға 264,6 млн теңге бағытталған. Ол сондай-ақ отандық тыңайтқыш өндірушілерден тыңайтқыштарды сатып алу кезінде алдын ала өтімін бойынша олардың құнының 5 пайызын ді Gosagro порталына жіберуге болады. Талғар ауданы бойынша 6 тауар өндіруші 761 тоннаға өтімін берген. Дизель отынының құны – 250 теңге. Облыс бойынша 970 тонна дизель отыны бөлінген. Сондай-ақ материалдық-техникалық базаны жаңарту бойынша лизингке сату мүмкіндіктері бар. Бұл мақсатқа 640 техника бірлігі қарастырылған, – деді Алмас Ақылбеков.

Ал Нұрмәди Әлібаев «Аграрлық несие корпорациясындағы» жеңілдікті несиелендіру бағдарламалары туралы кең көлемде әңгімеледі. Оның айтуынша, «Кеңдала» бағдарламасы бойынша 18 ай мерзімге жылдық 5%-бен несие беріледі. Ол «Даму» қорының кепілдігі арқылы қамтамасыз ету мүмкіндігі мен айналым қаражатын толықтыруға және көктемгі егіс жұмысын жүргізуге арналған. Несие сомасы – 200 млн теңгеден 3 млрд теңгеге дейін. Сондай-ақ инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған «Агробизнес» көрсету стансалары, көлік және логистикалық қызметтер, қоғамдық тамақтану нысандары, сауықтыру және тұрмыстық сервистерді қоса алғанда, 98 сервистік жоба ашылды және кеңейтілді. Осы бағыттарды дамыту өмір сүрудің қолайлы ортасын қалыптастыруға, ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға және халықтың ауылдық жерлерден кетуін төмендетуге ықпал етеді. «Қонаев» ӘКК-нің «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыруға қатысуы Алматы облысының ауыл аумағын әлеуметтік-экономикалық дамытуға елеулі үлес қосты.

Жалпы көпшілігі кеңес нәтижелі өтті. Қатысушылар өздерін қызықтыратын мәселелер бойынша сұрақтар қойып, тиісті жауап алды. Бастысы, кеңеске қатысушылар қай салада болсын, мемлекеттік қолдау барда даму болатынына көз жеткізіп қайтты.

Талғар ауданы

Әрі сапалы алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік нысан. Алғабастықтардың қуанышымен ортақтасқан облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Сүлейменов жаңа медициналық мекеменің ашылуымен ауыл жұртшылығын құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медицина саласына ерекше қолдау көрсетіп, Алматы облысына 38 медициналық мекеме салуды тапсырған болатын. Облыс басшысы бұл іске айрықша көңіл бөліп, толықтай 38 нысанның салынуына игі ықпал етті. Соның алтауы Кеген ауданында салынуда, – деді ол.

Салтанатты шарада сөз сөйлеген Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев бұл шалғай ауыл тұрғындарының медициналық көмек алу мүмкіндігін арттыруға бағытталған бастама екенін атап өтіп, Алғабас ауылдық фельдшерлік-акушерлік пунктінгі мейірбикесі Әсем Мұсаеваға жаңа ғимараттың символикалық кілтін табыс етті.

Одан кейін сөз кезегі аудандық мәслихаттың төрағасы Алмасбек Нұғыман мен Алғабас ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Смағұл Рысқұлбекұлына берілді. Олар ауыл халқы атынан алғыстарын жеткізіп, ел игілігіне қызмет ететін нысанның жұмысына табыс тіледі.

Бұдан соң облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Сүлейменов, аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шыңғыз Тұрынов, Алғабас ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Бегалы Сыдыбайұлы жаңа ғимараттың лентасын қиды. Жиналған көпшілік нысанның ішін аралап көрді. Жаңа ғимарат жұмысымен аудандық аурухананың директоры Қуаныш Бөлегенұлы таныстырды. Нысан қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған.

Жаңадан ашылған медициналық пункт ауыл тұрғындарының өмір сапасын

Талгар ауданы

Халықтың әлеуетін арттыру – басты мақсат

негізгі міндет, – деді Қасым-Жомарт Көмекулы. айдың ішінде арнайы экономикалық аймақтарды дамырудың жана

– Біздің басты мақсатымыз – қазіргі күрделі кезеңде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және халықаралық әлеуетін арттыру. Сарапшылар әлем экономикасының өсімі баяулап, халықаралық сауда қарқыны әлсірейді деген болжам жасауда. Дамушы елдерге салынатын жаһандық инвестиция көлемі азайып келеді.

Мемлекет басшысы өз сөзінде жаппай цифрландыру және жасанды интеллектті енгізу – экономикалық дамудың басты арқауы болуы керіні айтты. Цифрлық тәсілдер арқылы артық шығынды қысқартып, әкімшілік кедергілерді еңсеруге, басқару ісіндегі тиімсіз шешімдерді барынша азайтуға болатынын жеткізді.

– Жедел даму жолына түскен Алатау қаласы жаңа инвестициялық кезеңнің негізгі жобасы болуға тиіс. Бұл – Smart City қағидатына сәйкес барлық салаға

Ауылының абыройы мен мәртебесін көтеріп жүрген азаматтар аразында аз емес. Олар – туған жеріне ту тіккен ел мақтаныштары.

Карасай ауданына қарасты Елтай ауылдық Мәдениет үйінде «Тұңғыр биік туған ел» тақырыбында ауыз толтырып айтарлық игілікті іс-шара өтті. Аты айтып тұрғандай, аталмыш шараның көтерер жүгі салмақты болуымен әрі мәні мен маңызымен тереңігімен жергілікті



барарды. Қаржы саласы тоқырауға ұшырауы мүмкін. Бүгінде көптеген ел өз нарығын қорғау шараларын күшейтіп жатыр. Мемлекеттер арасында өзара тарифтік шектеу қою үрдісі белең алды. Жанандану үдерісі кері сипат ала бастады. Мұның бәрі әлемдегі геосаяси ахуалды өзгертіп жатыр. Бірақ негізгі әрі шешуші оқиғалар әлі алда.

— Жасанды интеллектіні толыққанды енгізу бүкіл цифрландыру саясатының өзегі болуға тиіс. Жасанды интеллектіге негізделген жаңа манызды цифрлық жобаларды жүзеге асыру мәселесін айрықша назарда ұстау керек. Үкімет мұндай жобаларды толық әрі уақытылы қаржыландыру үшін негізгі басымдықтарды нақты белгілеп алуы

озық инновациялар енгізу, жасанды интеллекті мен цифрлық технологияны қолдану деген сөз. Онда капитал тарту үшін теңдесі жоқ жағдай жасалып, жаңа, батыл шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін үздік реттеу режимін қалыптастыру қажет. Осы маңызды мәселе бойынша менің тапсырмаммен Конституциялық заң әзірленіп, Парла-

мен маңызының тереңдігімен жиналған қауымның бірден назарын аударды. Олай болатын жөні де бар.

Құрамына тоғыз елдімекен кіретін Елтай ауылдық округінің кендігі де керемет. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» деген мақсатпен осы ауылдағы елге танымал өлкетанушы, Қарасай ауданының Құрметті азаматы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, жарты ғасырлық ұстаздық жолдан өткен ардагер Орынбасар Жүзегі жақсы бастаманың иесі атанды. Ол Қарасай ауданының Мәдениет үйінің мұражайдан ауылдардың белгілі тұлғаларын басқару



Дүниежүзінде мүлде жаңа үдерістер пайда болуда. Мемлекеттің тұрақты дамуы үшін біз осы өзгерістерге экономикалық және саяси тұрғыдан бейімделуіміз қажет. Бұл – аса маңызды міндеттің бірі.

Соның кезінде мемлекеттік цифрлық

менттің қарауына ұсынылды, – деді.

Президент мемлекеттік қызметкерлердің интеллектуалды деңгейі мен оқу мәдениетіне қатысты да сөз қозғады. Кейбір Үкімет мүшелерінің тіпті маңызды стратегиялық мақалалар

аудандық мәдениет үйіндегі тұрақтандыру ауылдарында өсірілген қызылдардың басын қосып, арнайы бұрыш ашты. Оның бұл арманы айналасындағылардан қызу болу тапты.

Береке ауылдық ақсақалдар ұйымының төрағасы Әбдіжапар Көшербаев, Мәдениет үйінің директоры Қолқанат Ізмаханов, «Асыл ана» ұйымының жетекшісі Құлпан Исабаевтар өлкетанушының бастамасын қолдай отырып, жан-жақты көмек көрсетті. Ал жергілікті кәсіпкерлер Арын Тәттібаев пен Болат Лүйсебаевтар

Бұрынғы тәсілдер қазір тиімсіз болып қалғанын көріп отырмыз. Озық мемлекеттер әлем экономикасын дамытудың жаңа үлгісін әзірлеуге кірісіп кетті. Біз де бұл үдерістен шет қалмауымыз керек.

Ұлт мүддесін қорғау үшін экономикалық нығайтуға және дамытуға арналған нақты жоспар болуға тиіс. Дүниежүзіндегі экономикалық ахуалға қарамастан, былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Біздің миссиямыз – айқын экономикалық өсім жоғары сапаға азаматтармен қарым-қатынасына кері әсерін тигізеді. Сондай-ақ тиімді цифрлық орта қалыптастыру жүйесін тежейді, – дей келе, цифрлық өзгерістің бәрі QazTech платформасының негізінде жасалуға тиіс екенін алға тартты.

ең болуы керек, яғни, ең алдымен, халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмысын жақсартуға тиіс. Басқаша айтсақ, ішкі жалпы өнім артқан сайын азаматтардың нақты табысы да көбеюі керек. Бұл – Үкіметтің алдында тұрған

Мемлекет басшысы инвестиция тартуға арналған біртұтас стратегия жетектігіне де жеткізді. Бұл стратегияда, ең алдымен, жоғары технологиясы бар заманауи өндірістер ашуға басымдық берілуге тиіс екенін айтты. Үш

Кемелұлы.

Мемлекет басшысы интеллектуалды еңбекпен айналысатын адамдар үшін кітап оқудың маңызын қадап айтты. Шенеуніктерге интернетке тәуелді болмай, тереңірек ізденуді тапсырды.

Тұрағасы Озеров: «Тұрғындар ақ бағасын беріп, ағынан ақтарылды. Ауыл тұрғындары осындай еңбегі үшін Орынбасар Жанәділге алғыс айтып, сый-сияпат ретінде шапан кигізді. Алдағы ісіне бірауыздан сәттілік тіледі. Шарада «Асыл казына» ансамблі көпшілікке арнап тамаша өнер көрсетті.

Қанат ТӘКЕБАЕВ
*Елтай ауылы,
Қарасай ауданы*

● ЖАЙДАРМАН ЖАҢАЛЫҚ



Қос қуаныш

Ел басына күн туған сындарлы сәтте қан майданға аттанып, Отан қорғау жолында батырлықтың шынайы үлгісін көрсеткен аталарымыздың ерлігі – ұрпаққа өнеге. Кеген өңірінің жұртышылығы майдангерлер рухына тағзым етіп, олардың есімін кейінгі ұрпақ жсадында қалдыру мақсатында игі істер атқарып келеді. Жұырда тағы бір тағылымды шараның куәсі болдық. Алғабас ауылындағы көшеге ерлігі ел есінде қалан Екінші дүниежүзілік соғыс және еңбек ардагері Қадыр Сәулеевтің есімі берілді.

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ —————

Салтанатты шараға Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Тенізбаев, аудандық мәслихаттың төрағасы Алмасбек Нөкербанұлы, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шыңғыс Тұрсынов, аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Қуанышбек Төлепберліев мекеме басшылары, соғыс ардагерлерінің ұлпақтары қатысты.

– Алғабас ауылында тағы бір тәсіл сәттің куәсі болып отырмыз. Болашақ ұрпаққа үлгі бола білген, ел тыныштығы үшін жанын қиған Қадыр атамыздың есімі көшеге берілуде. Бұл – біздің азаматтық борышымыз. Сондықтан осы игі бастамаға аталысқан барша ағайынға алғысымды білдіремін, – деді аудан басшысы Нұрбабаев.

Жиналған көпшілік ардагерлердің бейбіт өмірде абыроймен атқарған қызметі мен еселі еңбегін атап өтті.

– Адам баласы тарихта сансыз зұлматты басынан кешірді. Бірақ соның ішінде Екінші дүниежүзілік соғыстың зардабы сұмдық болды. Қаншама отбасы қара жамылды. Соғыста ерлік көрсеткен жандардың есімі ешқашан ұмытылмайды. Олардың батырлық қасиеті жаз ұпакты және отаншылдыققа бастайды. Сондай соғыс

ардагерінің есімі көшеге берілуі – құптарлық іс, – деген ауыл тұрғыны Әріп Сыбанбаев жиналған көпшілікке ақ батасын берді.

Майдангердің өмір жолы ұрпақ жадында жаңғыра берері сөзсіз. Жеңістің 80 жылдығына орай өткен бұл шара болашақ ұрпаққа бейбітшілікті бағалауды үйрететін маңызды қадам болмақ.

Бұл күні Алғабас ауылдық округіне қарасты Жанаталап елдімекенінде де «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жаңа медициналық пункттің ашылу салтанаты өтті. Бұл – ауыл халқы үшін қолжетімді әрі сапалы алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік нысан. Алғабастықтардың қуанышымен ортақтасқан облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Сүлейменов жаңа медициналық мекеменің ашылуымен ауыл жұртшылығын құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев медицина саласына ерекше қолдау көрсетіп, Алматы облысына 38 медициналық мекеме салуды тапсырған болатын. Облыс басшысы бұл іске айрықша көңіл бөліп, толықтай 38 нысанның салынуына игі ықпал етті. Соның алтауы Кеген ауданында салынуда, – деді ол.

Салтанаттың шарада сөз сөйлеген Кеген ауданының әкімі Нұрбақыт Теңізбаев бұл шалғай ауыл тұрғындарының медициналық көмек алу мүмкіндігін арттыруға бағытталған бастама екенін атап өтіп, Алғабас ауылдық фельдшерлік-акушерлік пунктінң мейірбикесі Әсем Мұсаеваға жаңа ғимараттың символикалық кілтін табыс етті.

Одан кейін сөз кезегі аудандық мәслихаттың төрағасы Алмасбек Нұғыман мен Алғабас ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Смағұл Рысқұлбекұлына берілді. Олар ауыл халқы атынан алғыстарын жеткізіп, ел игілігіне қызмет ететін нысанның жұмысына табыс тіледі.

Бұдан соң облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Сүлейменов, аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Шыңғыс Тұрысов, Алғабас ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Бегалы Сыдыбайұлы жаңа ғимараттың лентасын қиды. Жиналған көпшілік нысанның ішін аралап көрді. Жаңа ғимарат жұмысымен аудандық аурухананың директоры Қуаныш Бөлегенұлы таныстырды. Нысан қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған.

Жаңадан ашылған медициналық пункт ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттырып, дер кезінде дәрігерлік көмек көрсетіп, адам денсаулығын жақсартуға қызмет етері сөзсіз.

Кеген ауданы

● ӨНЕРГЕ

Азаматын ардақтаған

«Ауылына қарап, азаматын таны» деген аталы сөз тегін айтылмаған. Ауылының абыройы мен мәртебесін көтеріп жүрген азаматтар арамызда аз емес. Олар – туған жеріне ту тіккен ел мақтаныштары.

Карасай ауданына карасты Елтай ауылдық Мәдениет үйінде «Тұғыры биік туған ел» тақырыбында ауыз толтырып айтарлық игілікті іс-шара өтті. Аты айтып тұрғандай, аталмыш шараның көтерер жүгі салмақты болуымен әрі мәні мен маңызының тереңдігімен жиналған қауымның бірден назарын аударды. Олай болатын жөні де бар.

Құрамына тоғыз елдімекен кіретін Елтай ауылдық округінің кендігі де керемет. «Келісіп пішкен тон келте болмайды» деген мақсатпен осы ауылдағы елге танымал өлкетанушы, Қарасай ауданының Құрметті азаматы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, «Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісінің иегері, жарты ғасырлық ұстаздық жолдан өткен ардагер Орынбасар Жанәділ жақсы бастаманың иесі атанды. Ол Қарасай аудандық Мәдениет үйіндегі мұражайдан ауылдардағы белгілі тұлғалардың басын қосып, арнайы бұрыш ашты. Оның бұл арманы айналасындағылардан қызу қолдау тапты.

Береке ауылдық аксақалдар ұйымының төрағасы Әбдіжапар Көшербаев.

Мәдениет үйінің директоры Қолқанат Ізмаханов, «Асыл ана» ұйымының жетекшісі Құлпан Исабаевалар өлкетанушының бастамасын қолдай отырып, жан-жақты көмек көрсетті. Ал жергілікті кәсіпкерлер Арын Тәттібаев пен Болат Дүйсебаевтар демеушілік жасап, көк ұшын берді. Сөйтіп, «Тұғыры биік туған ел» бұрышы

көрнекілігімен көпшіліктің игілігіне берілді. Оған облысқа белгілі тұлғалардың портреттік суреттері, жүріп өткен жолы мен өмірбаяндары ілінді. Атап айтқанда, Кеңес өкіметін қуға атсалысқан Байбосын Тамабаяв, Жүсіп Бабаев, Қорласбай Шабалов, Жұмаділ Ақымжанов, Түбек Есенқұлов, Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері, ұшқыш Сәт Жылқышиев, Кеңес одағының батыры Мәншүк Мәметованың суреттері, ақын С. Елубайұлының өлеңдері мен жырларының жинағын көрсетті.

– Бұл – жақсы істің бастамасы ғана. Алда мұны толықтыра түспекпіз. Сол сияқты

Әр ауылдың тарихын бейнелейтін суретті альбомдар жасауды да қолға алмақпыз, дейді өлкетанушы Орынбасар Жанәділ.

Осынау кәстерлі бұрыштың тұсаукесер рәсімі салтанатты жағдайда ашылды. Ақ жаулықты аналар шапшұрдын шашты. Елтай ауылдық ақсақалдар ұйымының төрағасы Әзербай Үркімбаев ақ батасын беріп, ағынан ақтарылды. Ауыл тұрғындары осындай өнегесі үшін Орынбасар Жанәділге алғыс айтып, сый-сияпат ретінде шапан кигізді. Алдағы ісіне бірауыздан сәттілік тіледі. Шарада «Асыл қазына» ансамблі көпшілікке арнап тамаша өнер көрсетті.

Қанат ТӨКЕБАЕВ
*Елтай ауылы,
Қарасай ауданы*



● «САРАСӨЗ»



Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің «Сарасөз» медиаclubы тағылымды әңгімемен өрілген кезекті кездесуін өткізді. Бұл жолғы қонағымыз – ардагер-диктор Бақытжан Атагелдиев. Қазақ радиосында еңбек еткен, Нарынқол театрында актер, режиссер болып қызмет атқарған, Сарыбастау, Қайнар ауылдарындағы Мәдениет үйлерін басқарған кейіпкеріміз Мұқағали Мақатаев, Әнуарбек Байжанбаев сынды тұлғалардан бастап, қызметтес болған әріптестері жайлы естелігімен бөлісті. Белгілі ақын, «Өлке тынысы» ЖШС директоры Кәдірбек Құныпияұлы ойға-ой қосып, жүздесуді өзі жүргізгіп отырды.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

– Мұқағали Мақатаевтың камкорлығын көп көрдім. Өзім Қарасаз ауылында дүниеге келгенмін. Менің әкем – Жұмаділ деген кісі Мұқағали ағамның құрдасы еді. Екеуінің де әкелері соғысқа кетіп, жетім қалған, жастайынан араласып, бірге өскен тағдырлас жандар. 1969 жылы әкем денсаулығыма байланысты Алматыға алып келді. Ауруханаға жатардың алдында Мұқағали ағамның үйіне барып, қонғанбыз. Әкемнің қасымда қалуға уақыты болмады. Ота жасалғаннан кейін Мұқағали ағам: «Сен жұмысыңнан қалмай кете бер. Өзім қараймын», – деді. Ол кезде «Жұлдыз» журналында істейді. Күн сайын хал-жағдайымды сұрап, керек-жарағымды әкеп беріп кетеді. Ауруханадан шыққан соң, Нарынқолға қарай жүретін такси жүргізушімен сөйлесіп: «Әй, мына бала ауруханадан шықты. Бала деп орнын тартып алмаңдар. Қамкорлық жасап, алып барыңдар», – деп алдына отырғызып, шығарып салды. Бұл ақынның маған жасаған бірінші қамқорлығы еді.

1971 жылы оқуға тапсыруға Алматыға келдім. Ондағы білетін жалғыз қазағым – Мұқағали ағам. Ол кісі: «Өз күшіңе сен. Менен жәрдем күтпе. Өзімнің балам үшін де біреуге жүрме, көмек сұраған адам емеспін. Тәлейіңнен көресің», – деді. Содан бір айға жуық үйінде болып, емтиханға дайындалдым. Бірақ жолым болмады. Келесі жылы ҚазҰУ-дың филология факультетіне тапсырып, тағы сүріндім. Үш сабақтан бес алып тұрып, шет тілінен өте алмай қалдым. Содан Әуезов театры жанындағы студия емтихан қабылдап жатқанын біліп, сонда бардым. Онда Мұқағали ағамның өлеңін оқып, оқуға түстім.

Театр студиясының бірінші курсын бітіргеннен кейін ауылға демалысқа кеткенбіз. Мұқағали ағам аудандық газеттің редакциясына қонырау шалып: «Бақытжанды тауып, маған жіберіңдер. Радио дикторлыққа конкурс жариялап жатыр», – депті. Келуін келдім. Бірақ «Байжанбаевтардың қасында отыратын мен кіммін?» – деген күдігімді де айттым. Олардың атағы жер жарып тұрған кез. Сауық Жақанова, Мырзабек Қазтөбековтерді радиодан күні-түні естиміз. Онда бару маған мүмкін емес сияқты көрінді. Мұқағали аға: «Сөзді қой. Қатысасың», – деді. Конкурстан Аманжан Еңсебайұлы екеуіміз өттік. Мұқағали ағамның тағы бір шапағаты сол болды. Әйтпесе радиоға келу қайда?!

Мен ақынның бір тапсырмасын орындамадым. «Сен Қазақ радиосына келдің. Небір қазақтың маркасқа азаматтарымен араласып,

тілдесесің. Күнделік жаз. Кейін саған керек болады», – деді. Мен болсам, ұмытпаймын деген сеніммен жүре беріппін. Кейін өкініп, бармағымды тістедім. Мұқағали жөнінде 4-5 естеліктің өзін әрең жаздым. Ойыма ештеңе түспейді. Күнделік болса, санама сәл қозғау салатын еді. Опера театрында Абай Байқабаев деген әнші болды. Ол кісі жайлы да кітап шығарарда қалам сілтей алмадым.

ренжіп, ашуланып тұрса да, түрінен еш жамандық көрінбейтін. Өмірде ұялшақ болатын. Бір нәрседен қысылып, қызарып кетіп, ыңғайсызданып қалатын. Жастар жанында топ-топ болып көп жүрді. Студенттер сабағынан қашып келіп, әңгімесін тыңдайтын. Содан кейін де шығар, туған күні ешкімнің тапсырмасынсыз-ақ кез келген мектепте аталып өтеді. Бұл Мұқағали ағамның ақындық құдіреті, қуаты,



Қазақ дикторларының ішінде тұңғыш Қазақстанның Халық әртісі болып, қазақтың Левитаны атанған өзімнің ұстазым Әнуарбек Байжанбаевтың 100 жылдығында он күн ойланıp жүріп әрең жаздым. Мұқағали ағамның айтқанын орындасам, қаншама естелік туар еді. Күнделік жазудың пайдасын кеш түсіндім.

«Шалкар» радиосында Жолымбет Кейкелов деген ағамыз болды. Жоғарғы кеңестің «Ведомостар» баспасында бас редактор болып отырған Кемел Тоқаевпен сұхбатқа келісіп қойған екен. Ертең барамын деген күні көшеде біреулер ұрып кетіп, көзі ісіп кетті. «Ей, бала, мені құтқар. Кемел Тоқаевқа барып, сұхбат жүргізіп кел», – деді. Мен журналист емеспін ғой дегеніме қараған жоқ, күні бұрын дайындап қойған сұрақтарын қолыма ұстата салды. Кемел Тоқаев аса парасатты, білімді, аристократ адам екен. Жазушы ретінде барлық шығармасын қызығып оқыды. «Шіркін-ай, бірге отырып сөйлесер ме еді» деп армандап жүргенмін. Сұхбат «Шалкар» радиосынан эфирге кетті.

Тағы бір көргім келген адам Ілия Жақанов еді. «Қайта оралған ән», «Қош бол, вальс» шығармалары, «Бейсен» деген соқыр композитор туралы жазғаны талай жүректі тебіренткен. Радиоға диктор болып жаңадан келген кезім. Кейде студияда отырғың келмей, «без объявления» деп жібере саламыз. Бір концертті солай жіберіп, дикторлар кабинетіне келсем, Сауық отыр. Қасында бір қара кісі бар. Сәкен: «Концертін қайда?» – деп қалды. Бір пәлеге қалдым-ау деп, ішім қылп ете

түсті. «Без объявления» деп айтып едім, ана кісі күліп жіберіп: «Бала жас қой, зеріккен шығар», – деді. «Мына кісіні танысың ба?». «Жоқ, танымаймын». «Бұл кісі музыка редакциясының бас редакторы Ілия Жақанов деген ағам болады». Бір көрсем екен деп жүрген адаммен сол радиоға таныстым.

Тын игерудің 20 жылдығы деп 1974 жылы Мәскеуден Брежнев бастаған топ Қазақстанға келді. Үлкен той өтті. Олар кеткеннен кейін радиоға Дінмұхамед Қонаев келетін болды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері ешкімді кабинетінен шығармай, күзетіп жүрді. Байжанбаев қолымнан ұстап алып: «Менің қасымнан кетпе, қазір сені Қонаевпен амандастырамын», – деді. Бір уақытта Димаш атамыз кірді. Қазақ радиосының студиялары жертеде болатын. Сол жаққа қарай кететін жерде тұрмыз. Байжанбаевпен: «Әй, гүрілдегім, қалайсың?» – деп құшақтап, өзі амандасты. Мен қол беріп, амандық сұрадым. Денем ысып кетіп, бойыма нұр құйылғандай болды.

Мұның бәрі айналып келгенде сол Мұқағали ағамның жақсылығы ғой. Бойы да, сойы да келіскен, асқан келбетті, қазақ деген міне мынау деп мақтанып көрсететін адам еді. Жүзінен нұр төгіліп тұратын. Адамға

Байжанбаев ағам: «Мен бірінші жолды оқығанда, астындағы екі-үш жолды көзім шалып отырады», – деп айтатын. Біз де соған үйрендік. Өйткені кішкене қате кетсе, таяқ жейтінін білесің.

Қазіргі кейбір радиоларда үндестік заңы, сөз ырғағы, тіл тазалығына мән бермейді. Бір кездері журфакта «Сахна тілі» деген сабақ жүретін. Белгілі дикторымыз Сауық Жақанова, Өнер академиясының профессоры Татьяна Наурызбаевалар дәріс оқыды. Мынау радиоға, мынау теледидарға жақын деп бейіміне қарай топтарға бөлетін. Біздің бір бағымыз – бұл пәнді театр студиясында меңгердік.

Бүгінде әншілер, блогерлер хабар жүргізгіш болып кетті. Эфирдің рейтингін көтеру үшін солай істейді екен. Ондағы шоу деген нәрсе біздің ұлттық дәстүрді, қазақты құрту үшін жасалған дүние сияқты көрінеді маған. Шоу емес, қалаймақан шу ғой. Бала-шағам көрмесе екен деп отырарсың.

Өр ақпарат көзінің өз орны бар. Мысалы, біз газетті ансап тұрамыз. Баяғыда бір жалақымызды қиып, бүкіл газет-журналға жазылатынбыз. Пошта қызметкерлері: «Сен өзі тамақ жейсің бе, қағаз жейсің бе?» – деп күлетін. Ал ғаламтор күн санап дамып барады. Арасында пайдалысы да, зияны да

– Нарынқолда Мақай Нұрқасов деген кісі болған. Қазақ өнерінің кемегері – Асқар Токпановтың шәкірті. Асанәлі Әшімов, Нұкөтай Мышбаева, Оспанхан Әубәкіров, Сайын Мұратбековтермен консерваторияның театр факультетінде бірге оқыған. Асанәлі Әшімовтің естелігінде: «Мақай болмаса, көбіміз оқи алмай, ауылға қайтар едік. Басқа ұлттың жігіттері ақшамызды тартып алып, киімімізді алып кетіп жүргенде жалғыз қорғаушымыз Мақай болды», – дейді. Өзгелерді қорғаймын деп жүріп, ақыры өзі арандады. Оқудан шығарып жіберді. Кейін елге барып, мұғалім болды, халық театрын ұйымдастырып өмір бойы өнерге еңбегін сіңірді. Туған жері Сарыбастаудағы Мәдениет үйі сол кісінің атына берсе, қандай ғанибет болар еді?!

Сол сияқты Мәкен Әлиасқаров деген талантты азамат болған. Үш жасында екі көзі шешек ауруынан көрмей қалған. Сөйтіп жүріп мектепті бітірген. Қазіргі Тараз қаласындағы мәдени-ағарту училищесіне түсіп, сонда оқыған. Кейін мен радиоға диктор болып жүрген 70-жылдарда қазіргі Абай университетінің тарих факультетінде де білім алды. Сонымен бірге Жүсіпбек Елебековтің әншілік класын бітірді. Бір басында үш дипломы болды. Төрт кітап жазды.

Бақытжан АТАГЕЛДИЕВ, Қазақ радиосының ардагер-дикторы:

«КҮНДЕЛІКТІҢ ПАЙДАСЫН КЕШ ТҮСІНДІМ»

бар. Қазіргі анық тажал телефон болды. Осы үшін азап көрмесек болды ғой.

Мұның бәрі – идеологияның жоқтығының салдары. Мысалы, Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз кезінде қандай еді?! Талай ансамбльді құрып, таланттарды шығарды. Бір күні Қырғызстанға гастрольмен баратын болдық. Аяқ астынан автобусымыз сынып қалды. Оразбек Бодыков деген драматургтың

Қазақ радиосының алтын қорында жүзге тауау өзінің шығарған, орындаған әндері бар. Алматыдағы Зағиптар қоғамының Островский атындағы Мәдениет үйін басқарды. Туған жері – Төкестей Мәдениет үйіне атын беруді сұрап қаншама рет ұсыныс айттық, болмай жатыр. Талғарда Мұқанбек Бөрібаев деген азамат «Алатау аясында» деген үлкен ансамбль құрып, бүкіл қазақтың даласын әнге бөледі. Ол кісі жайлы да тырс еткен хабар жоқ, аты өшіп бара жатқандай сезіледі. Шонжыда Мұқанбек Оразбаев деген бір қолы жоқ өнер адамы болды. «Шалқоде ыстықсың сен маған» деген әнді осы кісі жазған. Қарадаланың өнеріне үлкен еңбек сіңірді. Райымбек ауданындағы Қайнар ауылында туған Шаймерген Әлдибеков деген ақын ағамыздың да қазір аты естілмейді. Қараойда Бітім деген азамат болды. Екі құлағы бітеу туған, аузын ашып тыңдайды. Баянда, аккордеонда, домбырада ойнайтын. Құдай талантты аямай берген ғажап музыкант еді. Балқаш өңірінде қаншама концерт өткізіп, байқауларға қатысып, орын алып, сол маңайды жандандырып, гүрлдеткен азамат. Өзімнің ұстазым Рахметбай Телеубаев – Шәкен Айманов бір-екі киноға шақырып, ешқандай актерлік оқуды бітірмей-ақ, Әуезов театрына актер болып кірген адам. Талай мықты рөлдерді сомдады. Шіркін, қандай ағаларымыз еді. Сондай жандарды жүрген жерлеріңізде іздеп-тауып, жазып, насихаттап жүрсеңіздер, нұр үстіне нұр болар еді.

Қазір Мәдениет үйлерінде маман таппыс. Кезінде республикалық, облыстық халық шығармашылық үйінің қызметкерлері аудан-аудан, ауыл-ауылды аралап, мәдениет жұмысын 2-3 ай сайын тексеріп отыратын. Жыл сайын көркемөнерпаздардың облыстық байқауы өтетін. Бір аудан сол сайысқа келмей қалса, идеологияны басқарып отырған басшы қызметімен қоштасатын. Кезінде Нарынқолда Шахман Есенаманов деген бірінші хатшы қызмет етті. Өр апта сайын аудан орталығында бір шаруашылық концерт өткізетін. Міне, сондай халыққа жаны ашитын адамдар болды, – деген қонағымыз соның арқасында қаншама өнерпаз, спортшы өз жолын тапқанын айтты. Өткен күн өрнектерін сөзбен кестелеп, өнегелі өмір иелері жайлы әңгімеге қанықтырды.

Сөз соңында: «Мұқағали ағамның елу жылдығында Нарынқолға бардық. Облыстық партия комитетінің бөлімінде: «Большевиктерден», «Коммунистерден» үзінді оқисың», – деп нақты айтты. Әбділда Тәжібаев жүргізіп тұр. Мен көрермен арасында отырмын. Бір уақытта сахнаға шақырды. Он минутта айтқандарын оқып бердім. Әрі қарай концертті жүргізуім керек. Сахнаның артына кетіп бара жатыр едім, Асқар Сүлейменов тоқтатып алып, былай деді: «Коммунист» пен «Большевике» нең бар? Неге «Жапырақ жүрек жас қайыңды» немесе «Қара өлеңді» оқымайсың?». Мен партияның тапсырмасы солай екенін айтып ақталып едім: «Олар сенен микрофонды жұлпып ала ма? Өз қолыңда тұрған жоқ па бәрі? Концертті сен жүргізібейсің. Мұқана бір қызмет жасайың», – деп тізгінді өзі алды. Содан кейін кез келген концертті Мұқағали ағамның «Қара өлеңімен» бастайтын болдым», – деген Бақытжан Атагелдиев кездесуді ақық ақынның рухты өлеңімен қорытындылады.

